

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ЭКОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Н.Жылысбаева, А.С.Түкібаева
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Шымкент қ.,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Қазіргі қоршаған ортаның дағдарысқа көптеп ұшырай бастаған кезінде адамзатқа экологиялық білім мен тәрбие берудің маңызы зор. Кез келген адамға глобалды ойлай білу қабілеті өзінен-өзі келмейді. Білім беру жүйесінде студенттің табиғи процестер мен құбылыстарды жан-жақты түсінуіне мүмкіндік жасайтын элементтер, туындайтын мәселелерді талдау және шешуде глобалды қатынас инструменттерін жадыды бекітуге жағдай жасайтын элементтер болуы керек. Осыған байланысты, әртүрлі саладағы мамандарды даярлаудағы басты педагогикалық мәселе – жоғары оқу орындарындағы экологиялық білім берудің бүтін бір жүйесін құру және де ол Рио-де-Жанейро (1992) конференциясында қабылданған тұрақты даму концепциясын іске асыруға бағытталған болуы тиіс. Білім беру жүйесінің құрылымына экологиялық білім жай ғана еніп қана емес, оның негізінің бірі болуы тиіс.

Жалпы білім берудің стратегиялық мақсаты – негізін ғылыми білім, экологиялық мәдениет және этика құрайтын экологиялық көзқарасты қалыптастыру болуы керек [1]. Экологиялық білім қоғам мен жеке адамда экологиялық мәдениетті кеңінен ендірілуі бола отырып, экожүйенің, бүкіл биосфераның тұрақтылығының міндетті талабы, оның ноосфераға эволюциясы. Экологиялық білім беру – білім берудің жоғары деңгейі, ол заманға сай әлемдік көзқарас бағыттарын қалыптастырады, пәндік дайындықтың жоғары деңгейін береді және оқу, өмірлік мәселелерді адам әрқашан экологиялық сауатты шешімді таңдай отырып шешуге, өзінің қабілетін барынша көрсетуге үйретеді.

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Заңында экологиялық тәрбие мен білімнің жалпылығы және үздіксіздігі көрсетілген, ол мектепке дейінгі, жалпы орта, кәсіптік-техникалық, орта арнайы және жоғары білім беру процестерінің барлығын қамтиды. Бірақ, өкінішке орай, Қазақстанда экологиялық білім жалпылама болып табылмайды және де жалпы білім беретін мектептің оқу жоспарына тұрақты даму принциптеріне сай құралған “Экология” міндетті пән ретінде енгізілмейінше жалпылама бола алмайды. Көптеген

мектептерде экологиялық білім беру ғылыми-әдістемелік деңгейге сай жүргізілмейді немесе тіптен жүргізілмейді. Осыған байланысты, қазіргі заманғы білім беру жүйесін уақыт талабына сай етіп жақындатуда, тұрақты даму моделін іске асыруға көмектесуде басты роль жоғары оқу орындарына тиесілі. Экологиялық сауатты мамандарды дайындауда барлық жауапкершілікті жоғары оқу орындары алуы керек. Тұрақты даму идеялары біздің өмірімізге ертерек енуі үшін олар болашақ мамандармен студенттік кезеңнен бастап меңгерілуі қажет. Ендеше, экологиялық білім кез келген саладағы маманды дайындаудың үздіксіз бір бөлігі болуы қажет.

Әртүрлі деңгейдегі және профилдегі жоғары оқу орындарында экология мәселері жалпы білім беретін, гуманитарлы бағытталған, интегративті-дифференцирленген “Экология” пәні шегінде қарастырылғаны жөн, ол экологиялық білім берудің құрылымдық негізі болып табылады. Экология оқу пәні ретінде, ең алдымен, экологиялық бағытталған көзқарасты қалыптастыруға негізделген. Қазіргі күні экология ғылым ретінде біржақты түсіндірілмейді. Экологияның ғылым ретінде жүзден көп анықтамасы бар. Осы алуан түрлі анықтамаларды жинақтай отырып, экология пәнінің негізгі үш көзқарасқа бөлуге болады [2]; біріншісін дәстүрлі, классикалық деп атауға болады; экология – бұл организмдер мен қоршаған орта арақатынасы жөніндегі биологиялық ғылым. Екіншісі, өте кең тарғаны, экологияның табиғатты қорғаумен байланыстылығына негізделген. Экологияны тек табиғатты қорғаумен ғана байланыстыру және оның маңыздылығын табиғатты қорғау шегімен ғана шектеуге болмайды. Экология табиғатты қорғау білімінің теориялық фундаменті болып табылады, бірақ оның ролі мұнымен шектелмейді. Үшінші, көзқарас экологияны кезкелген орталық объекті мен оның қоршаған ортасы арасындағы кезкелген арақатынасты зерттейтін ғылымның шыңы ретінде қарастырады. Оның шегінде қоғам мен табиғат, организмдер мен абиотикалық орта арақатынасы, тіптен мәдениет экологиясы кіреді.

Экология дәстүрлі жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардан көп ерекшеленеді. Материяның қозғалысының барлық формаларын және оның ұйымдастырылуының көптеген деңгейлерін зерттей отырып, ол өзінің кейбір тарауларымен басқа ғылымдарға, сонымен қатар, білімнің техникалық және қолданбалы салаларына кіреді. Көптеген биологтар экология түсінігінің кеңейтілген түсінігіне қарсылықтарын жалғастыруда. Әрине, оның негізін қалаушы Э.Геккель заманынан бері ауқымы өте кеңейді. Экологияға жатқызатын мәселелер шеңбері бірнеше есе өсті. Экологияның бірнеше бағыттары пайда болды: әлеуметтік экология, химиялық экология, медициналық экология және т.б. Қазір экологияның мазмұнын 300-дей бағыттар құрайды. Ары қарай жаңа мәліметтермен, жаңа мазмұнымен толығу процесінде “экология” түсінігі нақтыланып, жанара түседі. Бірақ, бұл экологияға жалпылама статусты беруге негіз бола алмайды. Экология, мәселелерге глобалды тұрғыда тоқталатына қарамастан, ғылымдар арасындағы кедергіні жеңе білуі керек, адамның табиғат және қоғамдағы орнын түсінуіне, әлем суретін сезінуіне мүмкіндік беруі қажет, бірақ оны ғылымдардың ғылымы деп түсінуге болмайды.

Экологияның ерекшелігі, оның мәселелері әрбір адам үшін тән. Экологиялық қатынастарды және әдістерді қолдану көптеген өзара байланысты, глобалды, аймақтық және локальды мәселелерді шешуде маңызды шарттардың бірі болып келе жатыр. Этникалық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени-тарихи айырмашылықтардың әртүрлілігіне қарамастан, адамдарды біріктіретін жалпылама нәрсе болады. Бұл, күшейген глобалды экологиялық кризис жағдайында тіршілігін сақтап қалу идеологиясы. Кез келген қатер тұрғындарды біріктіретіні, барлық және әрбір адамның санасын және іс-әрекетін қайта қалыптастыратыны секілді, экологиялық кризис те өз шарттарын қояды. Мұндай жағдай қалыптаса да бастады. Мұндай жағдайларда барлық тұрғындардың, әсіресе өсіп келе жатқан ұрпақтардың экологиямен танысуы басты қажеттілік болып отыр, сонымен қатар, тұрақты даму және глобалды экологиялық кризистен шығу шарты болып отыр.

Жоғары оқу орындарындағы экологияны оқыту кіріктіру принциптері мен пәнаралық байланыстарға негізделеді және іргелі ғылыми білімге сүйенеді. Бұл сатыда жекелеп оқыту, икемді оқу жоспарлары және арнайы бағдарламалармен оқыту қолданылады. Қазіргі уақытта 2002 жылы шыққан биологиядан басқа мамандықтар бойынша университет студенттеріне арналған «Экология» пәнінің типтік бағдарламасы бойынша жүргізіледі [3]. Экологиялық білім берудің жоғары сатысы тұрғысынан жоғары оқу орындары бес категорияға бөлінеді [4]:

1. Бітірушілерінің қызметі табиғи ортаға тікелей әсер етуімен байланысты емес жоғары оқу орындары. Мысалы, гуманитарлық саланың мамандары, өнер қайраткерлері, т.б. Бұларға экологиялық сауаттылық беріледі.
2. Көп салалы мамандар, солардың ішінде мұғалімдер даярлайтын университеттер. Бұларға оқушыларға табиғат қорғау жөнінде білім беретіндей әзірлік алады.
3. Бітірушілерінің қызметі табиғи ортаға немесе адам денсаулығына тікелей әсер ететін жоғары оқу орындары. Мысалы, технологтар, жобалаушылар, жоспарлаушылар, құрылысшылар, тау-кен инженерлері, агрономдар, орманшылар, дәрігерлер және т.б.
4. Ғылыми және практикалық мекемелер үшін экологиядан, табиғат қорғаудан және табиғатты тиімді пайдаланудан мамандар даярлайтын оқу орындары.
5. Жоғары білімді адамдардан айналадағы ортаны қорғайтын мамандар даярлайтын жоғары оқу орындары.

Аталған жоғары оқу орындарының бәріне қойылатын ортақ талап – студенттерге қоршаған орта туралы білім, олардың экологиялық сауаттылығын арттыруға, табиғатты тиімді пайдаланудағы әлеуметтік пікірін қалыптастыруға, экологиялық немқұрайлығын болдырмауға бағытталуы тиіс.

Экология пәні бойынша оқу бағдарламасының негізгі мақсаты – жоғары оқу орындарындағы әрбір факультеттерде оқу процесінің спецификалық ерекшеліктерін ескере отырып, материалдың логикалық тізбекті түрде берілуін қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа жету “Экология” курсы бойынша оқу материалын міндетті (әртүрлі мамандықтар үшін жалпы) және қосымша (арнайы) бөліктері бойынша берілу арқылы жүреді.

“Экология” курсының міндетті, яғни әртүрлі мамандықтар үшін жалпы бөлігінің іріктелуі ғылыми-теориялық білімнің қалыптасуына бағытталған, салыстырмалы тұрақтылықпен сипатталған және биологиялық аспектілерге негізделген болуы керек. Бұл міндетті бөлігі экологияның ерекшеліктері, жалпы экология бөлімдері, әсіресе, биосфера, экожүйе күйінің жағдайлары, биосферадағы адамның орны жөнінде жан-жақты, кең және терең көзқарас беретіндей етіп құрастырылуы керек. Курс бағдарламасы табиғатты адам іс-әрекеті жөніндегі материалдарды толығымен қарастыру қажет, соның ішінде табиғи комплекстерді сақтауға және дамытуға бағытталған, антропогенді қысымның нәтижесінде табиғи комплекстерде болып жатқан өзгерістер, қоршаған ортаны зерттеу әдістері, қоршаған ортаны қорғау және тиімді пайдалану саласында шешім қабылдау. “Экология” курсының міндетті бөлігінің негізгі мақсаттарының бірі – студенттерде жүйелі ойлауды қалыптастыру және биосфераның, оның жеке компоненттерінің тұрақты дамуы жөнінде көзқарас қалыптастыру.

“Экология” курсының қосымша (арнайы) бөлігінің мазмұны оқытылып жатқан студенттердің ерекшелігін, олардың кәсіптік көзқарастарына сәйкес таңдалады, яғни олардың болашақ мамандықтарымен тікелей байланысты болғаны жөн. Білімнің сәйкес саласына байланысты (гуманитарлық, іргелі жаратылыстану немесе техникалық) практикалық дағдыны қалыптастыруға бағытталады. Сондықтан, жұмыс бағдарламасын құрастыру кезінде қосымша (арнайы) бөлімінде алынған мамандық студенттеріне экологиялық білім қандай тұрғыдан қажет екендігін ескеру қажет.

Біздің елімізде жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарының оқу жоспарларында «Экология» курсы енгізілген. Қазіргі этапта жоғары мектептерде биосфера мен адамзат қарым-қатынасының жаңа жағдайын қалыптастыратын сауатты, экологиялық саналы мамандар даярлау міндетті тұр. Сондықтан да жоғары оқу орындарында әртүрлі мамандықтарда экологияны оқытудың ерекшеліктерін осы салада дәріс, практикалық сабақтарды жүргізетін профессор-оқытушылар әрдайым ескеру қажет.

Әдебиет

- 1 Экологиялық білім бағдарламасы.-Алматы, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті.-1999.-66 б.
- 2 Сапмузина А.Г., Ефремова С.В., Хамзина Ш.Ш., Лебедева О.Е. Научно-методические аспекты преподавания в вузах общеобразовательной дисциплины «Экология». Учебно-методическое пособие для преподавателей вузов. -Алматы, 2001. -40 с.

-
- 3 Биғалиев А.Б., Қолымбаева С.Ж., Білдебаева Р.М., Шәріпова М.Ә. «Экология» пәнінің типтік бағдарламасы: биологиядан басқа мамандықтар бойынша университет студенттеріне арналған.- Алматы: Қазақ университеті, 2002. -25 б.

Резюме

В статье рассматриваются особенности преподавания экологии в ВУЗах. Указано, что учебная программа по данной дисциплине должна составляться с учетом специфических особенностей разных факультетов, т.е. должно учитываться, для чего студентам той или иной специальности необходимы экологические знания.

Summary

There have been considered peculiarity of teaching ecology in higher educational establishments in the article. There was pointed out the educational program of this discipline to must working out with account specific peculiarity of different faculties, that is to must taking into consideration what for necessary ecological for students of different speciality.